



АУЫЛ

ЖАҢАЛЫҒЫ

Сельская новь



Газет 1940 жылдан шыға бастады

№ 100 (8486) Сейсенбі 18 қазан 2016 жыл

Байзақ аудандық газеті
Байзакская районная газета

АҚЫНДАР жыр арнады ӘЗІМБЕККЕ



СӨЗ БАСЫ.
Табиғат тосын
сыйға толы.
Өткен апта
жамбылдықтар
есінде толассыз
жауған қармен
есте қалды.

Күтпеген жерден күз айында
айналаны ақ ұлпаға көмкерген бұл
көрініс көпшілікті өбірге салды
десек қателеспейміз. Басқасын
былай қойғанда жарықсыз бір күнін
де елестете алмайтын ел әп-сәтте
абдырап қалды.

Байзаққа да дәл осындай
жағдай...Талдар құлап, жарықтан
ажыратылған ағайынның көкейінде
«енді не болар екен?» деген сауал
болды. Әсіресе, өнерсүйер қауымды
жұмаға белгіленген Ә.Жанқұлиев
атындағы айтыс өтер ме екен,
деген ой мазалады. «Алты Алашқа
танылған ақын еді...» атты Әзімбек
Жанқұлиевті еске алуға арналған
облыстық ақындар айтысы табиғат
таңғажайыбына қарамастан
барынша тартымды өтті.

А.ШОТБАСОВА,
«Ауыл жаңалығы».

Бұл күні аудан әкімі М.Шүкеев бастаған
айтыста өнер көрсетуге келген ақындар мен
ұйымдастырушылар алдымен Байзақ батыр
ескерткішіне гүл шоқтарын қойды. Мұнан соң
аудандық орталықтандырылған кітапханалар
жүйесінің оқырмандар залында мәдениет және
өнер қызметкерлері, БАҚ өкілдері, ауданымызға
келген қонақтардың басын қосып баспасөз
конференциясы өткірілді. Онда сөз сөйлеген
Жамбыл облысы әкімдігі мәдениет, архивтер
және құжаттама басқармасының басшысы
Д.Бықыбаев, Қазақстан Республикасының
мәдениет қайраткері Ә.Әмзәулы және аудан
әкімінің орынбасары С.Кенжебаев елімізге айтыс
өнері арқылы кеңінен танылған жерлесіміз, ақын
Әзімбек Жанқұлиевтің жырлары, оны дәріптеу
мақсатында ұйымдастырылып отырған іс-
шараның талап-тілегі туралы түсіндіріп, өнер
додасының жас таланттарды сүйемелдеудегі
маңыздылығын айтып өтті. Журналистер
тарапынан қойылған сауалдарға жауап беріп,
ақындарға сәттілік тіледі.

Сонымен аудандық әл-Фараби атындағы
мәдениет үйінде Қазақстан Республикасы
Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған «Алты
Алашқа танылған ақын еді...» атты Әзімбек
Жанқұлиев атындағы облыстық ақындар
айтысы өз шымылдығын ашты. Осы ретте айта
кеткен ләзім, айтулы бәйге алғаш рет Әзімбек
туып-өскен ауылда өнер жанашырлары Досжан,
Есжан Әміровтердің демеушілігімен өткізілсе,
осымен үш жыл қатарынан Байзақ ауданы
әкімдігі мен облыс әкімдігі мәдениет, архивтер
және құжаттама басқармасының бірлесе қолға
алуымен дәстүрлі түрде ұйымдастырылып
келеді.



Шараның ашылу салтанатында аудан әкімі
М.Шүкеев құттықтау сөз сөйледі. Мұратхан
Жүнісәліұлы айтыс өнеріне қайталанбас
қолтаңбасын қалдырған талантты тұлға
Әзімбек Жанқұлиевтің өмір жолы, өнердегі
ерекшелігі, Ауған соғысындағы ерліктері туралы
айтып, айтыскер ақынның өлмес өлеңдері
жас ұрпаққа азық екендігін тілге тиек етті.
Ақындарға ақ жол тіледі. Ә.Жанқұлиевтің өңесі
Күлән апайға, ағасы Алтынбек Жанқұлиевке
күрмет көрсетіп, иықтарына әдемі оюмен
әдіптелген қамзол мен шапан жапты.

Өз кезегінде Әзімбектің өнерден басқа өзге
де қырлары, адамгершілігі жайлы сөз еткен
Күлән апай ұйымдастырушыларға алғысын
білдіріп, жыр жампоздарына ақ батасын берді.
Өнер додасы жас ақын Сәбит Исқақовтың
арнау жырмен басталды.

Сахнаға алғаш болып байзақтық Ертай
Тазабеков пен Тараздан келген Есет Досалы
шықты. Қазақ салт бойынша елден есен-
саулық біліскеннен кейін Ертай ақын:

*Болса да өлеңімнің басы мұңды,
Қалайша сағынбассың асылыңды.
13 жыл болды биыл Әзімбектің,
Бейнесін жүзімізден жасырыңды.
Әлі күнге сипалақтап көп іздеймін,
Жоғалтқан алтын сақа асығымды,
Сұм ажал арамыздан алып кетті,
Ауғаннан аман келген батырымды,* -
деп өлеңдете Әзімбекке деген сағынышын
жеткізсе, Досалының Есеті:

*Байзақтан өркендеудің көшн көрем,
Даласынан байлықтың тесін көрем.
Аудан әкімі ақынын құрметтесе,
Ол да бір қасиет қой асыл дер ем.
Әзекеннің аға-апасына шапан жапса,
Ол да бір болған оңды шешім дер ем.
Ассалаумағалейкум байзақтықтар,
Мақтанатын Әзімбектің есімменен.
Светтері бір күнге өшкенімен,
Әзімбекті жүрегінен өшірмеген,* - деп

ақынын ардақтаған аудан басшысы, ел-
жұртының осынау игі ісі кейінгілерге үлгі
екендігін жеткізді.

Жас ақындар Жамбыл ауданынан Нұрлыбек
Құрманов пен байзақтық Рай Дөңбайдың
айтысында қазіргі қазақ эстрадасындағы
келеңсіздіктер кеңінен айтылды. Мысалға

Рай ақын:
*Дүркіретіп тойыңды жасап
едің,*

*Әйтеуір еңбек етіп бала
тынбай.*

*Сол тойға Сайлаубекті
шақырыпсың,*

*Ол сенің жұлдызыңды
жағатындай,* - деп өзекті
мәселені міней кетсе, оған
жауап ретінде жыр арнаған
Нұрлыбек Құрманов:

*Олардың мына бізге
пайдасы жоқ,
Сондықтан көшейікші жөн
егеске.*

*Ал енді Сайлаубектің дерті
болса,*

*Бар қазақтың бойындағы
жара емес пе?,-* деп түсініксіз
тілде ән айтатын әншінің
қылығына құптарлық

танытпайтындығын
жасырмады.

Айтыста қордайлық
Күміскүл Сәрсенбаева
мен жуалылық Қанат
Мырзаханның сөз
жарысы да өзінше
қызықты болды. Мұнда
залдағы көрермен
жеңге мен қайының
айтысына куә болды
десек қателеспейміз.

Жамбылдық
Айтмұхамбет Исақов
пен Шудан келген
Базарбай Асқаровтың
да өзара айтысы
көрермен көзайымын
алса, айтыста үлкен-
кішінің асыға күткен
екі жұбы сарысулық Алик Бекмұсаев пен
жерлесіміз Алтынқұл Қасымбекова арасындағы
сөз сайысы көпшілікке айрықша ұнады.
Аликтің «Байзаққа мекен еткен ұлы адамдар,
Әзімбекке айтыс берген ел ішінде ірі адамдар»,
Алтынқұлдың «Әзекен елдің ері деп, тәуелсіз
ақын еді деп, тәуелсіздіктің тойымен, қатар
қылып отырмыз» деуі талантымен алты
алашты мойындатқан дарын иесі Әзімбекке
деген құрметтің азаймайтындығын айтып
жеткізгендері еді.

Мұнан кейінгі кезектерде жұптаса жыр
жырлаған Ербол Қамбатыров, Дархан
Әбдіманатов, Бақытжан Әкімбаев, Дидар
Бәсеновтер, Дидар Апасов, Ернұр
Бейсеновтер ел тәуелсіздігі, оған қол
жеткізудегі Елбасының ерен еңбегі, өнерімен,
өлеңімен дүйім жұртты аузына қаратқан
ауынды ақын Әзімбек Жанқұлиевтің
азаматтық тұлғасы, айтыскерлік шеберлігі
жөнінде өлеңдетті.

Әдемі айтыс жұманың кешіне дейін жалғасты.
Сахна төріне көтерілген әділқазылар
алқасы, Қазақстан Республикасының
Мәдениет қайраткері Әлібек Әмзәулы,
ақын, Қазақстан Жазушылар Одағының
мүшесі Шырын Мамасерікова, айтыскер
ақын Ахметжан Өзбек, Байзақ ауданының
Құрметті азаматы, ақын-сазгер Қасқырбай

Нарбатыр және Жамбыл облысы әкімдігі
халық шығармашылығы орталығының
көркемдік жетекшісі Эльмира Дүтбаева
дүбірлі додада биік те байыпты өнер көрсеткен
жұлдегерлердің есімін жария етті.

Айтыс өнерінің майталманы, марқұм Әзімбек
Жанқұлиевті еске алуға арналған «Алты
Алашқа танылған ақын еді...» атты облыстық
ақындар айтысының бас жүлдесін жерлесіміз
Алтынқұл Қасымбекова иемденіп, 400 мың
теңгені олжаласа, I орын иегері қордайлық
Күміскүл Сәрсенбаева атанды. Қос екінші
орын жуалылық Қанат Мырзахан мен Жамбыл
ауданынан Нұрлыбек Құрмановқа бұйырды.
Ал үшінші орын жамбылдық Айтмұхамбет
Исақов, Таластан келген Ербол Қамбатыров
және байзақтық Дархан Әбдіманатовқа тиесілі
деп танылды. «Әзімбек Жанқұлиев» атындағы
жүлде Тараз қаласын бастап келген Есет
Досалыға берілсе, жас ақын Сәбит Исқақов
арнайы сый-сияпатпен марапатталды. Осы
және өзге де ынталандыру сыйлықтарын



алған айтыскерлерге қаржылай сияпаттар
табысталды.

СӨЗ СОҢЫ. Жалпы, Алаштың аяулы
ақыны Әзімбектің рухына арналған
айтыстың айтары да, берері де мол
болды. Мәдениет үйінің фойесіне қойылған
ақын өнерінен, өмірінен сыр шертетін
бұрыштама жиналғандарға танымдық
құрал ретінде көрсетілсе, көлөнер
шеберлерінің бұйымдары ауданымыздың
қонақжайлылығын байқатты. Ең бастысы
ел сөз зергері Әзімбектің ерін еске
алып, жас таланттар танылып, оның
мәңгілік мұрасын ұлықтады. Осы ретте
Әзімбектің ағасы Алтынбек Жанқұлиевтің
де айтары бар. Мақаламызды сол мәтінмен
тәмамдайық.

Алтынбек Жанқұлиев: - Айтыс десе
атойлайтын қазақпыз ғой. Небәрі 41 жыл
ғұмыр көшіп, жырымен жарқ етіп, жұртшылық
жүрегінен берік орын алған Әзімбектің өнеріне
жанашырлық танытып, қадірлеген халқына
шын алғысымды айтамын. Өнер додасына
келген айтыскерлердің бауырыма деген ыстық
ықыласын көріп, өткен күндер көз алдыма
елестеп, көзіме жас келді. Енді оның туып-
өскен жері Темірбек ауылдық округіндегі орта
мектепке Әзімбек есімі берілсе тек мен ғана
емес, қалың жұрты қуанып қалар еді.

ДЕПУТАТТАР НАЗАРЫНА!

Алтыншы сайланған Байзақ
аудандық мәслихатының кезектен
тыс VII – сессиясы 2016 жылдың 21-
ші қазаны күні сағат 10.00-де мәжіліс
залында мынадай күн тәртібімен
өтеді:

1. «2016 – 2018 жылдарға арналған
аудандық бюджет туралы» Байзақ
аудандық мәслихатының 2015 жылғы
25 желтоқсандағы №48 – 3 шешіміне
өзгерістер енгізу туралы;
2. «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын
денсаулық сақтау, әлеуметтік даму
саласында түсіндіру жөніндегі
штабтың құрамы туралы;
3. Байзақ аудандық қоғамдық
кеңестің құрамына өзгерістер енгізу
туралы.

Аудандық мәслихат аппараты.

ЕСЕП БЕРУ-САЙЛАУ НАУҚАНЫНДА

БАСТЫ МАҚСАТ-ПАРТИЯ БЕДЕЛІН КӨТЕРУ



М.МАНЕКЕЕВ,
«Ауыл жаңалығы».

«Нұр Отан» партиясы аудандық
филиалының ұйымдастыруымен
филиалға қарасты бастауыш
партия ұйымдарының есеп беру
– сайлау жиналыстары басталып

кеткендігінен оқырман қауым
құлақтар. Бекітілген кестеге
сәйкес, осындай кезекті есеп беру
– сайлау жиналысы Сарыкемер
ауылдық округіндегі «Мәдениет
үйі» бастауыш партия ұйымында
өткізілді.

«Нұр Отан» партиясы аудандық
филиалы төрағасының бірінші
орынбасары Ш. Байтақова,
аудандық партия филиалы Саяси
кеңесінің мүшесі С. Кенжебаев
және бастауыш партия ұйымы
мүшелерінің қатысуымен өткен
жиналыс барысында күн тәртібінде
төрт мәселе қаралды.

Аталмыш жиын Гимнмен
ашылған соң, күн тәртібіндегі
бірінші мәселе бойынша «Мәдениет
үйі» бастауыш партия ұйымының

төрағасы Сәкен Сыздықов баяндама
жасады. Ол өз баяндамасында
бастауыш партия ұйымының
екі жылда атқарған жұмыстары
туралы есеп берді. «Нұр Отан»
партиясының ықпалымен мұнда
да ауқымды істер атқарылғаны сөз
болды. Бұдан өзге баяндамашы өз
сөзінде бастауыш партия ұйымының
қол жеткізген жетістіктері мен
болашақтағы мақсаттары және
партияның тоғыз жобасы аясында
атқарылған жұмыстар туралы,
сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес,
ана мен бала денсаулығы, жергілікті
жердегі өзін-өзі басқаруды дамыту,
сонымен бірге қазіргі таңдағы
ең көкейкесті деген мәселелер
төңірегінде ой қозғады.

Баяндама аяқталысымен партия

мүшелері Исағали Сәлімбаев пен
Дулат Жақыпбековтер жарыссөзге
шығып, Сәкен Шәмшіұлының жасаған
баяндамасын талқыға салды. Баяндама
бойынша атқарылған ауқымды оң
істерге қанағаттанарлық деген баға
берді.

Күн тәртібіндегі басқа да мәселелер
бойынша ұсыныстар айтылып, қаулылар
қабылданды. Бастауыш партия
ұйымының бюро мүшелігіне жеті адам
бекітіліп, аудандық филиалдың XI X
есеп беру – сайлау конференциясына
он бір адам делегат болып сайланды.
Сонымен қатар, жиын барысында оған
қатысушылар бірауыздан «Мәдениет
үйі» бастауыш партия ұйымының
төрағасы етіп С.Сыздықовты, оның
орынбасарлығына Н.Сапаралиеваны
сайлады.

ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ 25 ЖЫЛДЫҒЫ ӘСПЕТТЕЛУДЕ



Биылғы жыл-Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығы тойланатын айрықша жыл.
«Бірлік пен жасампаздықтың 25 жылы» ұранымен мерекеленетін мерейлі жыл еліміздің тәуелсіздігі мен мемлекеттілігін одан әрі нығайтып қана қоймай, еліміздің жеткен жетістіктерін әрбір қазақстандықтардың сезінуіне жол ашып, тәуелсіздік-біздің барлық жетістігіміздің негізі екендігін сезіндіреді, алда тұрған басым бағыттарды іске асыруға жұмылдырады.

Ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай аудандық әл-Фараби атындағы мәдениет үйі шығармашылық бөлімнің меңгерушісі А.Исабаевтың мұрындық болуымен тұрғындарға Елбасының жеткен жетістіктерін паш ететін «Елбасы жолы» атты деректі қысқаметражды фильм көрсетілді.

Жақында «Нұрсұлтан Назарбаевтың модулі: Тиімді мемлекеттің форматы» атты деректі фильмдердің топтамасын Ленин атындағы мектептің ұстаздары мен жоғары сынып оқушылары тамашалады.

Фильмде ел Президентінің өмір жолы, сарабал саясаты, қазақ елін әлемге танытудағы Елбасы еңбегі кеңінен баяндалған.

«Менің елім. Ғасырлардан сыр шерткен Байзақ» атты кітап көрмесі аудандық әл-Фараби атындағы мәдениет үйі директорының орынбасары М.Көбееваның мұрындық болуымен аудандық кітапханада өтіп, оған қатысушылар киелі Байзақ жері, аталмыш өңірден шыққан батырлар, ғалымдар, спортшылар, ақындар, жалпы Байзақ өңірінің тыныс-тіршілігі туралы мағлұматпен ақпараттандырылды.



«Қазақстан-Ұлы дала елі» тақырыбындағы сурет көрмесі А.Суханбаев атындағы орта мектебінде өтіп, оған қатысқан жас қылқалам шеберлері, атап айтқанда 3,4,5,6,7-сынып оқушылары арасынан бірінші орынды Ж.Нұрбекқызы, екінші орынды А.Шалабек, үшінші орынды Ж.Балғабай иеленді.

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А. Байтақова, психолог А. Қарабаева, әлеуметтік педагог

А.Қыздашеваның ұйымдастыруымен өткен шарада жұлдегерлер Алғыс хатпен марапатталды.

«Ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығына 25 қайырымды іс» шарасы аясында Байзақ аудандық «Ауыл жаңалығы»-«Сельская новь» газетінің ұжымы аудан орталығы мен 18 ауылдық округтердегі қарапайым мамандықтың мәртебесін биіктеге жүріп, еңбегімен ел құрметіне бөленген, өзі тұрып жатқан өңірдің өсіп-өркендеуіне, бірлігіне үлес қосып, «ақырын жүріп, көп тірлік



тындырған» азаматтарға сый-сияпат көрсетуді қолға алды.

КЕШЕ, редакция ұжымы атынан директор Бауыржан Жақсыбетов Түймекент ауылдық округінде тұратын, еңбек ардагері Қалабай Әлмашановтың отбасында болып, қазыналы қарияға тартуын ұсынды.

Округке қарасты шаруашылықтың өсіп-өркендеуіне қомақты үлес қосқан, 78 жастағы Қалабай қария тракторист, комбайнер, бригадир болып бірнеше жыл жемісті еңбек етіпті. Зайыбы Жақсыкүл (суретте) екеуі 12 перзент өсіріп, ұл-қызынан 31 немере, 5 шөбере көріп отырған ардақты қария қара жұмыстың қазанында қайнап, шыңдалған екен.

Бүгінде ауылдың бірлігі мен ынтымағын сақтауға, тәуелсіздікті тұғырлы етуге, жастардың бойында отансүйгіштік қасиетті нығайтуға шама-шарқынша үлес қосып жүрген еңбек ардагері-міне осындай жан.

«Халық бірлігі-Қазақстан болашағы» тақырыбымен Қостөбе орта мектебінде директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Умарбекова, қазақ тілі пәнінің мұғалімі Р.Әбілдаева және орыс тілі пәнінің мұғалімі А.Муратованың ұйытқы болуымен өткен шараға 9-10 сынып оқушылары қатысып, бірлік, ынтымақтастық, қоғамдық келісім туралы ойларын ортаға салып, мазмұнды баяндамалар жасап, өзара пікір алмасты. Тәуелсіз еліміздің басты құндылығы - бірліктің маңызына тоқталды.

«Елімнің патриоты қандай болу керек?» отбасылық жарыс Қазақстанның 40 жылдығы атындағы мектептің спорт залында өтті.

Отбасылық құндылықтарды сақтау, мектеп және отбасының арасындағы байланысты нығайтуға бағытталған шараға 10 топ қатысып, топ жарған отбасылар марапатталды.

Көктал ауылдық кітапханасында өткен дөңгелек үстел «Егеменді елдің ертеңі біз» атты тақырыпты қаузады.

Мәдениет үйінің меңгерушісі Б. Қағазбекова мен кітапхана меңгерушісі Ә. Манкеева егемен еліміздің келешегі-жастарға қойылатын талаптар мен өскелең ұрпақ бойындағы адами қасиеттер туралы қысқаша баяндама жасаса, шараға қатысушы-жастар күн тәртібінде тұрған мәселе бойынша өздерінің ойларын ортаға салды.

Тәуелсіздік-басты құндылық. Азаттыққа қолы жеткен қазақ елінің бүгінгі таңда алған асуы мен шыққан биігі ұшан-теңіз. «Тәуелсіздік-ел тірегі» атты мерекелік ертеңгілік Көкөзек ауылдық кітапханасында кітапханашы Г.Садуованың ұйытқы болуымен өтті.

Іс-шараға қатысушылар тәуелсіздік, Елбасы, тәуелсіздік жылдары қол жеткен табыстар жайын сөз етті.

Таяуда аудан әкімдігі дене шынықтыру және спорт бөлімінің ұйытқы болуымен аудан тұрғындары арасында ұлттық аймақтық спорт ойындарынан жарыс өтті. Ж.Үшкемпіров атындағы спорт ғимаратында ұйымдастырылып өткерілген шараның басты мақсаты-ұлттық ойындарды дамыту, салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталды.

Шараны аталмыш бөлімнің басшысы Ә.Омаров ашып, тәуелсіздік арқасында қазақ елі әлемге танылғанын, тәуелсіздік жылдары еліміздің жеткен жетістіктеріне тоқталып, ұлттық ойындардың адам өмірінде алатын орнын сөз етті.

Ұлттық ойындарға арналған шарада асық ату, леңгі тебу, шектас атудан сайыс өтіп, жеңімпаздар марапатталды.

«Менің Отаным – Қазақстан» атты тақырыпта А.Пушкин атындағы орта мектепте өткен іс-шараға 9-11 сынып оқушылары қатысты.

Бейнелеу пәнінің мұғалімдері К.Ахметова, Н.Бердімбетова, Н.Есаманованың ұйымдастыруымен өткен шарада оқушылар жұлделі орындарға ие болды.

Жаңатұрмыс ауылдық клубында «Әуенді тап» ток-шоуы ел тәуелсіздігінің 25 жылдығына



арналды. Ауыл әкімшілігінің бас маманы Ж.Молдабаева мен Амангелді орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Қ.Байдаралиеваның ұйымдастыруымен

өткерілген шоуда тәуелсіздікті әспеттеген әндерді әуен бойынша дұрыс тапқан мұғалімдер мен мектеп оқушылары әспеттелді.

«Жастар-болашақ энергиясы» атты флешмоб №3 Байзақ колледжінің алаңында колледж



директоры М.Нысанбаевтың ұйытқы болуымен өткерілді.

Ел тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған шараға қатысқан «ЕТ-14» және «АС-14» топтары торқалы тойды түрлі би қимылдары арқылы үйлесімді жеткізе білді.

«Мен Тәуелсіз Қазақстанның суретін саламын» осындай тақырыпта Кеңес орта мектебінде директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Нысанбаевтың бастамашылдығымен өткен іс-шараға қатысушы мұғалімдер мен жас суретшілер тәуелсіз Қазақстан Республикасының 25 жылда жеткен жетістіктерін қылқаламмен бейнеледі.

Тарихы тереңде жатқан, киелі де әулиелі шаһар-Тараз қаласының тарихынан сыр шерте отырып, жастар бойында отансүйгіштік, табиғатты аялау мен тағаттылық қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған «Мен үшін қымбатсың, сүйікті қалам!» атты тақырыпта Қосақ негізгі мектебінде өткен шараға 5-9 сынып оқушылары қатысып, Тараз қаласының тарихына шолу жасап, жыр мен әннен шашу шашты.

Ел тәуелсіздігінің 25 жылдығына орайластырылып өткен «25 игі іс» қайырымдылық акциясында аудан орталығында тұратын қарттар мен ақжаулықты аналарға қайырымдылық көрсетілді.

Сарыкемер ауылдық округі әкімі аппаратының бас мамандары Г.Джолдасбекова мен Б.Даулетбаевалар әлеуметтік жағынан қолдауды қажет ететін жандарға сыйлықтарды табыстады.

Ел тәуелсіздігінің 25 жылдығы қарсаңында Түймекент ауылдық округінде аудан әкімдігі дене шынықтыру және спорт бөлімінің ұйымдастыруымен О.Момыновтың жұлдесіне арналған көкпардан облыстық турнир өтті.

Ұлттық ойындарды дамыту, жастар бойында ұлттық ойындарға деген құрметті қалыптастыру мақсатында өткен турнирде жеңімпаз командалар ардақталды.

Іс-шараларға шолу жасаған Г.ӘБДІҚҰЛОВА. «Ауыл жаңалығы».

АЛҒАШҚЫ ҚАРДЫҢ ӘЛЕГІ

М.МАНЕКЕЕВ, «Ауыл жаңалығы».

Өткен бейсенбіде табиғат тосын мінез танытып, аудан жұртшылығын өбгерге түсіргені белгілі. Арқаны кеңге салған ағайын нөсерлете жауған күзгі жауынның соңы жапалақтаған қарға ұласарын ойламағаны анық. Ұялы байланыс арқылы тұрғындардың телефондарына төтенше жағдай туралы келген ескертуге де немісқұрайлылықпен қарағанымызды жасыра алмаймыз. Күз мезгілінің орта тұсы болса да жапырақтары сарғаймаған ағаштар бұған төтеп бере алмады. Сіркірей жауған нөсерден соң іле-шала төп берген қардың салмағына шыдас бермеген тал-дарактар шетінен сынып жатты.

Дәл осы күні дүкен сөрелерінде нан мен балауыз шамның саудасы қызды. Бұл табиғат салдарынан орын алған төтенше жағдайға дайын еместігімізді айғақтады.

Осы күнгі оқиғаға байланысты аудан әкімінің тапсырмасына сәйкес, аудандық электр жүйесінің бастығы Р.Сарсенов, бас инженер А.Жамишжанов, диспетчер Н.Сағымбектер шұғыл жиын өткізді. Құрамында төрт адамнан тұратын он бригада (шұғыл қимылдайтын топ) жасақтап, апаттық жағдайда жұмыстар атқарды. Топ мүшелері ең алдымен стратегиялық маңызы бар нысандарды электр желісімен қамтамасыз етуге күш салды. Алғашқы күні аталмыш нысандар ретке келтіріліп, электр жүйесіне қосылса, уақытпен санаспай жұмыс атқарған аудандық электр жүйесі қызметкерлерінің табанды еңбектерінің нәтижесінде сенбі мен жексенбі күндері басқа нысандар ретке келтірілді.

Нұрхан Сағымбеков, аудандық электр жүйесінің диспетчері:

«Қалың жауған қардың салдарынан аудан бойынша үлкен кернеулі 45 желінің 36-сы, төменгі кернеулі 174 КТП (қосалқы станса) 100-ден астамы істен шықты. Сондай-ақ аудан аумағында үлкен кернеулі бір бағана, кіші кернеулі бес бағана құлады. Жұмыс күші жетіспеушілігіне байланысты көрші жатқан Талас пен Сарысу аудандарынан бес адамнан құралған екі топ көмекке келді. Сағатпен



санаспай, электр желілерін қалпына келтіру ісінде белсенді жұмыс істеген жігіттерге разымын. Осындай жағдайда ауыл болып, электромонтер жігіттерге көмектескен Бурыл ауылы тұрғындарының ісі көпке үлгі болды.

Ғани Тілепалдиев, аудандық орталық аурухананың хирургия бөлімшесінің меңгерушісі:

«Біздің бөлімше дәрігерлері бейсенбі күнгі жауған қардың салдарынан Байзақ ауданы бойынша шамамен 938 тал бұтақтары құлап, нәтижесінде 3 шақырым электр желілері үзілген. Соның салдарынан 43 елдімекенде электр желілері ажырап қалса, бүгінгі күнге сол 43 елдімекеннің барлығы электр энергиясымен қайта қамтылып отыр. Құлаған ағаштарды тазалау жұмыстары жалғасуда.

Еркін Нахимов, аудан әкімдігінің ТҮКШ, ЖК және АЖ бөлімі басшысының міндетін уақытша атқарушы:

«2016 жылдың 13-14 қазан күндері жауған қардың салдарынан Байзақ ауданы бойынша шамамен 938 тал бұтақтары құлап, нәтижесінде 3 шақырым электр желілері үзілген. Соның салдарынан 43 елдімекенде электр желілері ажырап қалса, бүгінгі күнге сол 43 елдімекеннің барлығы электр энергиясымен қайта қамтылып отыр. Құлаған ағаштарды тазалау жұмыстары жалғасуда.

ГОВОРИЛИ О НАСУЩНОМ

В последнее время в районе активизировалась работа мобильных групп по предупреждению подростковой преступности, взятая под жесткий контроль прокуратурой района.

Приоритетом в работе мобильных групп по предупреждению правонарушений среди подростков являются рейдовые мероприятия, проводимые в ночное время, а главное общение с подростками, с учащимися школ, с которыми члены мобильных групп проводят беседы.

В связи с этим в зоне, которая охватывает села Байзақ, Жанатұрмыс, станции Акчулак, Учбулак, прошло рейдовое мероприятие с участием членов мобильной группы, закрепленных за этой зоной.

По её результатам следом в средней школе Жанатұрмыс прошла встреча, под руководством старшего прокурора районной прокуратуры Б.Калыбаева. В ней приняли участие члены мобильной группы: методист отдела образования акимата района М.Агатаева, инспектор полиции Байзакского РОВД А.Рапильбек, заместитель директора школы А.Смаилов, психолог школы имени «40 лет Казахстана» Ж.Широва, учащиеся школы, учителя, родители.

С вступительным словом на встрече выступил старший прокурор Б.Калыбаев. Он сказал: «Дело в том, что в последнее время возросли правонарушения среди несовершеннолетних: если в прошлом году было совершено 5 правонарушений, то за 8 месяцев текущего года эта цифра достигла 11. Поэтому необходимо наладить

работу среди подростков по предупреждению правонарушений, задействовав в работе всех – и правоохранительные органы, и органы образования, и родители, и другие полномочные органы».

Речь на встрече шла о необходимости привлекать детей к спорту, к различным общественным мероприятиям, чтобы день подростка был загружен досугом, посещением различных секций, кружков, работу которых надо оживить в школе. Говорилось и о том, что дети находятся в социальных сетях гораздо больше времени, чем хотелось бы, где они черпают ненужную информацию, что является одной из причин увеличения подростковых правонарушений, детской жестокости. Было предложено строить в селах детские спортивные площадки, привлекая к этому спонсоров.

Говоря о росте правонарушений среди несовершеннолетних, было высказано немало нареканий и в адрес родителей, которые, в первую очередь, должны контролировать своих детей и теснее взаимодействовать с учителями, посещать школьные собрания, быть в курсе того, чем их дети занимаются в неурочное время.

Подводя итоги, было отмечено, что по данной зоне, которая охватывает шестнадцать школ, численностью 2081 учащийся, на учёте инспекции по делам несовершеннолетних находится только один ребёнок, а по результатам проведённого недавно ночного рейда, фактов нахождения детей вне дома, зафиксировано не было, кроме одного подростка, жителя соседнего района.

НАШ корр.

ҚҰҚЫҚТЫҚ КӨМЕКТЕР КӨРСЕТІЛУДЕ

Б.ҚАЛЫБАЕВ,
Байзақ ауданы прокуратурасының
аға прокуроры.

Еліміздегі қылмыстық-атқару жүйесіне пробация қызметі енгізілгеніне біраз уақыт болды. Пробацияның негізгі мақсаты – пробация есебінде тіркелгендердің қылмыстарды қайталап жасауын болдырмау, шартты түрде бас бостандығынан айырылған азаматтарға әлеуметтік-құқықтық қызмет көрсету.

Еліміздегі қылмыстық саясат тұжырымдамасының негізгі бағыттарының бірі-істі болған азаматтарды бас бостандығынан айырмай жазаға тарту болса, пробация қызметі осы бағытқа дәл келеді. Жалпы пробация сөзі, қазақшаға аударғанда «сынау, байқау» дегенді білдіреді. Яғни сынаудың негізі-адамның қылмыс жасағанына қарамастан, оның түрмеге отырмауына мүмкіндік беру. Оның негізгі бағыттары шартты сынақ мерзімге сотталған бас бостандығын шектеу жазасына сотталған, түзеу мекемесінен шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған, әкімшілік қадағалау белгіленген сотталғандарға білім алып, кәсіп менгеріп, жұмысқа орналасуына ықпал жасап, ауырып қалса дәрігерлік көмек көрсетуді қамтамасыз ету болып табылады.

ҚАК-нің 30 бабына сәйкес, жазалау және басқа да қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын орындау және өтеу тәртібін қадағалау Қазақстан Республикасының прокуратура органдарымен жүзеге асырылады.

Үстіміздегі жылдың 9 айында Байзақ аудандық пробация қызметі бөліміне 86 (2015 жылдың 9 айында-71) сотталған тіркелген 51 адам (2015 жылдың 9-айында 72) есептен шығарылған. Олардың ішінде: жаза мерзімі аяқталуына байланысты – 21 адам, мерзімінен бұрын шартты босатылған – 10 адам, мерзімінен бұрын босатылған – 5 адам, басқа пробацияларға жолданғаны – 14 адам, түзеу мекемесіне жіберілген – 1 адамды құрады.

Ағымдағы жылдың тоғыз айында есепте 100 (өткен жылдың 9 айында-69) сотталған тұр.

Қоғамнан оқшаулаусыз жазаларын орындау тәртібін бұзған сотталғандарға шұғыл түрде ықпал ету шаралары қолданылып, 3 сотталған жаза өтеу тәртібін жүйелі түрде бұзуына байланысты түзеу мекемесіне қайта жіберілді.

«Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету» қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 23 қазандағы №1131 қаулысын жүзеге асырумен 2016 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес, Байзақ аудандық пробация қызметінің бөлімімен 9 айда мынадай жұмыстар атқарылды.

2016 жылдың 3-тоқсанында 22 сотталғанға әлеуметтік-құқықтық көмек (ӘҚК) көрсетудің 26 жеке бағдарламасы жолданған. Оның ішінде, әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетудің жеке бағдарламасына сай, 43 адам жұмысқа орналастырылса, аудан әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы арқылы ауылдық округ әкімдігіне ақылы қоғамдық жұмыспен 14 сотталған азамат қамтылды. Қалған сотталғандар аудан аумағында орналасқан жеке кәсіпкерлер мен шаруа қожалықтарына орналастырылған.

Облыс әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы Байзақ аудандық орталық ауруханасына әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетудің жеке бағдарламасына сай, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде 81 сотталғанға көмек көрсетілді. Сондай-ақ, Байзақ АІБ-нің көш-көп бөлімшесіне құжаттың қалпына келтіру үшін 2 сотталғанға қатысты әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетудің жеке бағдарламасы жолданса, бір сотталғанның жеке куәлігі қалпына келтірілді.

Жоғарыда көрсетілген көмектер аудан прокуратурасы тарапынан берілген нұсқаумен орындалып отыр.

Бас бостандығынан айыру орындарынан шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған немесе сот әкімшілік қадағалау белгілеген сотталғандарға және қоғамнан оқшаулаусыз жазалауға сотталғандарға ұсынылатын бағдарламасы бойынша әлеуметтік-құқықтық, медициналық көмек, жұмыспен қамту туралы, кәсіптік даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру, құжаттарын қалпына келтіру және тағы басқа да мүмкіншіліктер бар екеніне байланысты түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.

Сотталғандардың сұранысы бойынша әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету жеке бағдарламасы қузырлы органдарға жолданады. Әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету жеке бағдарламасын орындаусыз кері қайтару фактісі орын алмағанын атап өткен жөн.

ШАРУАЛАРҒА ЖАҢАШЫЛ ЖҰМЫС ІСТЕУ-УАҚЫТ ТАЛАБЫ

– **Болат Мырзаханұлы, биыл өңірдегі шаруаларға субсидия берілу мәселесі қалай жүзеге аспақ?**

– Шаруа қауым еңбек етсе ғана оның нәтижесі болатындығын бүгінде жақсы түсінеді. Сонымен қатар, диқандар мемлекет тарапынан берілетін қаржылай қолдауларды да тиімді пайдалануда. Себебі бұл қаражаттардың тигізіп жатқан септігі зор. Жалпы, аграрлық саланы дамытуға Үкімет тарапынан беріліп жатқан субсидияның мөлшері жылдан-жылға ұлғайып келе жатыр. Мысалы, қазір жердің құнары төмен болғандықтан, оған тыңайтқыш сеппей, өнім алу мүмкін емес. Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге сатып алған өсімдіктерді қорғау мақсатында ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеуге арналған гербицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттарының құнын субсидиялау мен сатып алған бірінші көбейтілгеннен төмен емес тұқымдарға және бірінші ұрпақ бұдандарының тұқымдарына, сонымен қатар, көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті жанар-жағар май мен басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарын арзандатуға субсидиялар төленеді.

– **Қазір дағдарысқа байланысты шаруалардың арасында «субсидия берілмейді екен» деген қауесет тарауда. Ол қаншалықты шындыққа жанаспайды?**

– Субсидия берілуге байланысты дау-дамайлардың жиі туындайтынын білеміз. Кейбір шаруалардың «егін ектім» деп жалған айтып, субсидия алғандығы кейіннен әшкере болып жатады. Жалпы, келесі жылдан бастап мұндай келенсіздіктерге жол берілмейді. Енді, кез-келген шаруа қожалығының субсидия алуға қолы жете бермейтін болады. Бұл мемлекеттен бөлінетін

қаржы тоқтамайды, оның көлемі де азаймайды. Тек, сапалы өнім өндіруге әрекет жасаған шаруалар ғана көмекке қол жеткізе алады деген сөз. Ол үшін өңірдің климатына байланысты басымдылық танытатын өнімдер ғана сараланып алынады.

Оған алынатын тұқым, тыңайтқыштар, химикаттар және өзге берілетін заттарға қаржы (субсидия) гектарына беріледі. Мемлекет бүгінде мұның

ӨНІРІМІЗДЕ 2798-ДЕН АСТАМ ШАРУА ҚОЖАЛЫҒЫ БАР. ЖЫЛ ОН ЕКІ АЙ ЖЕР ТЫРМАЛАП, ЕНБЕК ЕТКЕН ОСЫ ДИХАН ҚАУЫМЫ КҮЗГІ ЖИЫН-ТЕРІМІН АЯҚТАУҒА ЖАҚЫН. НЕСІБЕСІН ЖЕРДЕН ТАУЫП ОТЫРҒАНДАР АЛҒАН ӨНІМНІң МӨЛ БОЛҒАНЫН ҚАЛАЙДЫ. ОЛ ҮШІН ШАРУАЛАРҒА МЕМЛЕКЕТ ТЕ КӨМЕК ҚОЛЫН СОЗЫП КЕЛЕДІ. СОНҒЫ КЕЗДЕ ШАРУАЛАРЫ ОСЫ МЕМЛЕКЕТ ТАРАПЫНАН БЕРІЛЕТІН КӨМЕКТЕРДІң, НАҚТЫРАҚ АЙТҚАНДА СУБСИДИЯ КӨЛЕМІ АЗАЙДЫ ДЕГЕН АҚПАРАТ АЛАНДЫҒЫН ОТЫР. СЕБЕБІ, ДАҒДАРЫС КЕЗІНДЕ МЕМЛЕКЕТ ТАРАПЫНАН БӨЛШЕТІН ҚАРЖЫЛАРЫҢ МЕЙЛІНШЕ ҮНЕМДЕЛЕТІН БЕЛГІЛІ. ОСЫ РЕТТЕ БІЗ АУДАН ШАРУАЛАРЫНА МЕМЛЕКЕТТЕН ҚОЛДАУ КӨРСЕТІЛЕ МЕ, СУБСИДИЯ МЕН БАСҚА ДА ҚАРЖЫЛАЙ КӨМЕКТЕР БОЛА МА ДЕГЕН САУАЛДАРҒА ЖАУАП АЛУ ҮШІН АУДАН ӘКІМДІГІ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ БӨЛІМІНІң БАСШЫСЫ БОЛАТ САҒЫНБЕКОВКЕ ЖОЛЫҚҚАН ЕДІК.

тиімсіз екенін түсінді. Себебі, шаруа қожалықтардың өндірген өнімдерінде ешқандай жаңашылдық жоқ. Олар мемлекеттен көмек ақша алады, оны пайдаланады, өнім де алады. Дегенмен, оның аз-көптігіне, сапасына ешкім бас қатырмайды. Сол себепті, ендігі көмек тек ғылыми жаңалық енгізген диқандарға ғана беріледі. Қазіргі таңда мұның ережесі жасалу үстінде.

– **Шаруа қауымға түсінікті болу үшін, субсидияланатын ауыл шаруашылығы дақылдары мен субсидия нормаларына тоқтала кетесіңіз?**

– Жамбыл облысы әкімінің үстіміздегі жылғы 28 шілдедегі №241 қаулысына сәйкес, субсидияланатын ауыл шаруашылығы дақылдары мен субсидия нормалары бекітілген болатын. Атап айтқанда, қант қызылшасының

1 гектарына 50 мың, 1 тоннасына 2500 теңгеден, қорғалған топырақтағы көкөністердің ішінде фермерлік үлгідегі жылыжайға 1 500 000 теңге, ал, өнеркәсіптік үлгідегі жылыжайға 2 000 000 теңгеден төленетін болады. Сонымен бірге, ашық топырақта өнеркәсіптік үлгідегі тамшылатып суару жүйелерін спринклерлік суару жүйесін қолдану арқылы егілген қант қызылшасының гектарына 90 мың, тоннасына 2 250

теңгеден қаралып отыр. Майлы дақылдардың гектарына 2 000 теңгеден, картоптың гектарына 5 000 теңгеден берілімек. Дәндік жүгеріге 10 мың теңге, өнеркәсіптік үлгідегі тамшылатып суару жүйелерін және спринклерлік суару жүйесін қолдану арқылы егілген дәндік жүгерінің әр гектарына 60 000 теңгеден құраса, сүрлемдік жүгерінің гектарына 3 000 теңге, ал, өнеркәсіптік үлгідегі тамшылатып суару жүйелерін және спринклерлік суару жүйесін қолдану арқылы егілген сүрлемдік жүгерінің гектарына 60 000 теңге, таза егістегі көпжылдық шөптің гектарына 3000 теңге, екі-үш

жылдық көпжылдық шөптің гектарына 500 теңгеден, өнеркәсіптік үлгідегі тамшылатып суару жүйелерін және спринклердік суару жүйесін қолдану арқылы егілген көп жылдық шөптің гектарына 25 000 теңгеден бюджеттік субсидиялау нормалары бекітілді.

– **Сұхбат бергеніңіз үшін рахмет.**

ТҮЙІН:

Қазір билік шаруалардың шаруасын дөңгелетуде субсидиядан бөлек жана бір пилоттық жүйені ендіруді қолға алмақшы. Бұл 6-7 пайызбен диқандарға несие беру жобасы. Ол егіс көлемі аз шаруа қожалықтары ірі қожалықтармен ерікті түрде біріктіріп, ауыл шаруашылық өндірістік кооперативтерін құру арқылы несие беруді көздейді. Алайда, мұның жүзеге асуы уақыт еншісінде.

М.МАНЕКЕЕВ,
“Ауыл жаңалығы”.

Жамбыл облысы Байзақ ауданы әкімдігінің ҚАУЛЫСЫ

30 қыркүйек 2016 жыл № 462 Сарыкемер ауылы
(Жамбыл облыстық Әділет департаментінен 2016 жылдың 17 қазанында
№3178 нөмірімен мемлекеттік тіркеуден өткен).

Субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының ӘРБІР ТҮРІ БОЙЫНША СУБСИДИЯ АЛУҒА ӨТІНІМДІ ҰСЫНУ МЕРЗІМДЕРІН АЙҚЫНДАУ ТУРАЛЫ

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және «Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 4-3/177 бұйрығына сәйкес, Байзақ ауданының әкімдігі

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша субсидия алуға өтінімді ұсыну мерзімдері осы қаулының қосымшасына сәйкес айқындалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Дулат Әбенұлы Сұлтанбековке жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді және оның ресми жарияланған күнінен қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

М.Шүкеев

Байзақ ауданы әкімдігінің 2016 жылғы
30 қыркүйектегі № 462 қаулысына қосымша

Субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша субсидия алуға өтінімді ұсыну мерзімдері

№	Басым ауыл шаруашылығы дақылдары	Өтінімді ұсыну мерзімдерінің басталуы	Өтінімді ұсыну мерзімдерінің аяқталуы
1.	Қант қызылшасы 1 гектарға	20.10.2016 жыл	20.11.2016 жыл
2.	Қант қызылшасы 1 тоннаға	01.11.2016 жыл	01.12.2016 жыл
3.	Қорғалған топырақтағы көкөніс (фермерлік үлгідегі жылыжай)	20.10.2016 жыл	20.11.2016 жыл
4.	Қорғалған топырақтағы көкөніс (өнеркәсіптік үлгідегі жылыжай)	20.10.2016 жыл	20.11.2016 жыл
5.	Қант қызылшасы 1 гектарға, өнеркәсіптік үлгідегі тамшылатып суару жүйелерін, өнеркәсіптік үлгідегі спринклерлік суару жүйелерін қолдану арқылы	20.10.2016 жыл	20.11.2016 жыл
6.	Қант қызылшасы 1 тоннаға, өнеркәсіптік үлгідегі тамшылатып суару жүйелерін, өнеркәсіптік үлгідегі спринклерлік суару жүйелерін қолдану арқылы	01.11.2016 жыл	01.12.2016 жыл
7.	Майлы дақылдар	20.10.2016 жыл	20.11.2016 жыл
8.	Дәндік жүгері, өнеркәсіптік үлгідегі тамшылатып суару жүйелерін, өнеркәсіптік үлгідегі спринклерлік суару жүйелерін қолдану арқылы	20.10.2016 жыл	20.11.2016 жыл
9.	Дәндік жүгері	20.10.2016 жыл	20.11.2016 жыл
10.	Көпжылдық шөптер (таза егіс)	20.10.2016 жыл	20.11.2016 жыл
11.	Екінші, үшінші жылғы көпжылдық шөптер	20.10.2016 жыл	20.11.2016 жыл
12.	Көп жылдық шөптер, өнеркәсіптік үлгідегі тамшылатып суару жүйелерін, өнеркәсіптік үлгідегі спринклерлік суару жүйелерін қолдану арқылы	20.10.2016 жыл	20.11.2016 жыл
13.	Сүрлемдік жүгері	20.10.2016 жыл	20.11.2016 жыл
14.	Картоп	20.10.2016 жыл	20.11.2016 жыл
15.	Сүрлемдік жүгері, өнеркәсіптік үлгідегі тамшылатып суару жүйелерін, өнеркәсіптік үлгідегі спринклерлік суару жүйелерін қолдану арқылы	20.10.2016 жыл	20.11.2016 жыл

ПОСТАНОВЛЕНИЕ акимата Байзакского района Жамбылской области

30 сентября 2016 года № 462 село Сарыкемер
(Прошло государственную регистрацию в органах юстиции Жамбылской области
17 октября 2016 года за №3178).

Об определении сроков представления заявки на получение субсидий по каждому виду субсидируемых приоритетных сельскохозяйственных культур

В соответствии с Законом Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан» и приказом исполняющего обязанности Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 27 февраля 2015 года № 4-3/177 «Об утверждении Правил субсидирования повышения урожайности и качества продукции растениеводства, стоимости горюче-смазочных материалов и других товарно-материальных ценностей, необходимых для проведения весенне-полевых и уборочных работ, путем субсидирования производства приоритетных культур и стоимости затрат на возделывание сельскохозяйственных культур в защищенном грунте», акимат Байзакского района **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Определить сроки представления заявки на получение субсидий по каждому виду субсидируемых приоритетных сельскохозяйственных культур согласно приложению к данному постановлению.
2. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на заместителя акима района Дулата Абеневича Султанбекова.
3. Настоящее постановление вступает в силу со дня государственной регистрации в органах юстиции и вводится в действие со дня официального опубликования.

Аким района

М.Шукеев

Приложение к постановлению акимата
Байзакского района №462 от 30 сентября 2016 года

Сроки представления заявки на получение субсидий по каждому виду субсидируемых приоритетных сельскохозяйственных культур

№	Приоритетные сельскохозяйственные культуры	Сроки начала представления заявки	Сроки окончания представления заявки
1.	Сахарная свекла на 1 гектар	20.10.2016 год	20.11.2016 год
2.	Сахарная свекла на 1 тонну	01.11.2016 год	01.12.2016 год
3.	Овощи закрытого грунта (в теплицах фермерского образца)	20.10.2016 год	20.11.2016 год
4.	Овощи закрытого грунта (в теплицах промышленного образца)	20.10.2016 год	20.11.2016 год
5.	Сахарная свекла на 1 гектар, с применением систем капельного орошения промышленного образца, систем спринклерного орошения промышленного образца	20.10.2016 год	20.11.2016 год
6.	Сахарная свекла на 1 тонну, с применением систем капельного орошения промышленного образца, систем спринклерного орошения промышленного образца	01.11.2016 год	01.12.2016 год
7.	Масличные культуры	20.10.2016 год	20.11.2016 год
8.	Кукуруза на зерно, с применением систем капельного орошения промышленного образца, систем спринклерного орошения промышленного образца	20.10.2016 год	20.11.2016 год
9.	Кукуруза на зерно	20.10.2016 год	20.11.2016 год
10.	Многолетние травы (чистый посев)	20.10.2016 год	20.11.2016 год
11.	Многолетние травы второго, третьего годов жизни	20.10.2016 год	20.11.2016 год
12.	Многолетние травы, с применением систем капельного орошения промышленного образца, систем спринклерного орошения промышленного образца	20.10.2016 год	20.11.2016 год
13.	Кукуруза на силос	20.10.2016 год	20.11.2016 год
14.	Картофель	20.10.2016 год	20.11.2016 год
15.	Кукуруза на силос, с применением систем капельного орошения промышленного образца, систем спринклерного орошения промышленного образца	20.10.2016 год	20.11.2016 год

Мұны білген жөн

КӨШІ-ҚОН ЗАҢНАМАСЫН ДҰРЫС ҚОЛДАНАЙЫҚ

М.ӨТЕМІСОВ,
Байзақ ауданы прокурорының
орынбасары.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 08.02.2014 жылғы №76 қаулысымен бекітілген Еңбекші көшіп келушіге рұқсаттар беру, зарту және қайтарып алу, сондай-ақ еңбекші көшіп келушілерді тіркеу, олардың дактилоскопиялық, фотоесептерін қалыптастыру және жүргізу Қағидасына сай, еңбекші көшіп келушінің рұқсаты негізінде жұмыс беруші - жеке тұлғаларда үй жұмыскерлері ретінде үй шаруашылығында жұмыстар орындау (қызметтер көрсету) мақсатында Қазақстан Республикасына келген көшіп келушілер еңбекші көшіп келушілер болып табылады.

Еңбекші көшіп келушінің рұқсаты ол берілген әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында еңбекші көшіп келушінің жұмыс беруші - жеке тұлғада үй шаруашылығында үй жұмыскерлері жұмыстар орындау (қызметтер көрсету) құқығын береді деп көрсетілген. Яғни, Қазақстан Республикасының азаматтары шетел азаматтарын тек қана үй шаруашылығының жұмыстарына тарта алады (жеке үй, қора салу).

Ал, жұмыс берушінің пайда алуы және (немесе) жұмыс беруші үшін пайда алу мақсатында шетел азаматтарын жұмысқа тартуға тиым салынады. Ол Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 519 бабының 1 бөлігімен әкімшілік жауапкершілікке тартылады. Яғни, жұмыс берушінің шетелдік жұмыс күшін жергілікті атқарушы органның рұқсатынсыз тартуы болып саналады.

Жеке тұлғаларға-отыз, лауазымды адамдарға-елу, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға-бір жүз, орта кәсіпкерлік субъектілеріне-екі жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне - бір мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.



«НАВСЕГДА ВМЕСТЕ СО СТРАНОЙ»

В районном центре на сцене Дома культуры имени аль-

Фараби состоялась «День этноса» еврейского этнокультурного объединения «Шиват Цион» Жамбылской области, посвященный 25-летию Независимости Казахстана.

Торжественную часть праздника открыли: руководитель объединения Л. Корнилина, начальник отдела внутренней политики акимата Байзакского района М.Махамбетов. «В этом году наша страна празднует 25-летие Независимости. И для нас, кто родился и живет в Казахстане, — это дорогой сердцу праздник свободы. Так как в нашей стране в мире и согласии проживает более 130 представителей различных национальностей.

Родная для меня и благодатная Байзакская земля, где я прожила немало лет. Приезд сюда — это воспоминание о моей молодости, воспоминание о добрых, сердечных людях, которые жили и живут здесь.



Еврейское этнокультурное объединение в числе 73 объединений области существует более 20 лет. И мы приехали в гости к вам, чтобы ознакомить вас с культурой и историей нашей диаспоры в Казахстане», — сказала Л. Корнилина.

Об истории появления евреев в Казахстане рассказал председатель Совета старейшин этнокультурного

ДЛЯ ИНФОРМАЦИИ:

Первые евреи появились на территории современного Казахстана в средние века как купцы, путешествовавшие по Великому Шёлковому пути. Известно о пребывании евреев в расположенном на территории республики городе Туркестан, в исторических документах сохранились упоминания о существовавшей там синагоге XV века.

Численность еврейского населения значительно выросла в 1930-1940 годы и во время эвакуации в 1941-1942 гг., когда на территорию Казахстана были вывезены свыше 100000 евреев из европейской части СССР. По данным еврейских организаций: в Казахстане проживает более 50000 евреев (из них 11000 — в Алматы). В основном казахстанские евреи живут в крупных городах республики, где открыто 13 общинных центров.

объединения М. Бунин. Также об истории евреев можно было узнать и из выставки «Евреи Казахстана: 25 лет вместе со страной», которая была организована тут же в фойе Дома культуры.

И чтобы праздник в душе оставил радостный след, гости подготовили насыщенную и разнообразную концертную программу. Руководители и члены еврейского этнокультурного объединения попытались создать на сцене атмосферу праздника.

В ней приняли участие учащиеся средних школ №2 и №16 города Тараз, с которыми тесно сотрудничает объединение, многие из которых являются членами Молодёжного крыла еврейского культурного центра.

Здесь исполнялись зажигательные еврейские песни и танцы «Семь сорок», «Хава нагила», а также русские, казахские, узбекские песенные и танцевальные номера.

Особенно всех поразило замечательное исполнение песни «Земля Казахстана» в исполнении М. Арифовой.

Зрители не жалели аплодисментов — всем понравились шуточные танцы «Чарли Чаплин», «Шалунишки» в исполнении К. Азизудиной, К. Рапоткиной, слаженное пение трио, исполнивших песню «Багым сен», которые выступили не хуже профессиональных певцов, колоритный по костюму танец «Хорезм». Бесспорным украшением концерта можно назвать и песню «Елім менің» в проникновенном исполнении Б. Сейдалы.

Концерт, подготовленный с любовью, впечатлил присутствующих в зале, не оставив никого равнодушным. Чувствовалось, что дети с удовольствием и со всей ответственностью выступали на



сцене. Все исполнители показали хорошие вокальные данные. Поражали и яркие, красочные костюмы, которые ладно сидели на танцовщицах.

В завершение торжества активистам еврейского этнообъединения и участникам мероприятия были вручены Благодарственные письма, Почётные грамоты и Дипломы.

НАШ корр.

АЛИМЕНТ ТӨЛЕУ-ПАРЫЗ

Ж.КОЙКЕНОВА,
Байзақ аудандық прокуратурасының прокуроры,
1-ші сыныпты заңгер.

Байзақ ауданында мемлекеттік сот орындаушыларының орындауында алимент өндіру бойынша 455 атқару өндірісі (40 355 476 теңгеге), жеке сот орындаушыларында 238 атқару өндірісі (28 206 069 теңгеге).

Қазақстан Республикасының «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңы (әрі қарай-Заң) 99-бабының 3-тармағына сәйкес, алимент төлеуші борышкер жұмыссыз немесе оның жамақасын және өзге де табысын растайтын құжаттар ұсынылмаған жағдайда, алимент бойынша берешек оны өндіріп алу кезінде Қазақстан Республикасындағы орташа айлық жалақы мөлшері негізге ала отырып айқындалады деп көрсетілген.

Қазір республика бойынша орташа айлық жалақы мөлшері 136 094 теңгені құраған.

Сот актісі тиісті түрде орындалмаған жағдайда, Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің» 669-бабы талаптарына сәйкес, жеке тұлғаларға — он айлық есептік көрсеткіштің мөлшерінде айыппұл салуға, не бес тәулікке дейін қамаққа алуға, әкеп соғады.

Ал Қазақстан Республикасының «Қылмыстық кодексінің» 139-бабына сәйкес, ата-ананың көмекетке толмаған балаларын, сол сияқты он сегіз жасқа толған еңбекке қабілетсіз балаларын күтіп-бағуға сот шешімі бойынша қаражат төлеу жөніндегі міндеттерін үш айдан астам орындамауы не көмекетке толған еңбекке қабілетті адамның өзінің еңбекке қабілетсіз ата-анасын күтіп-бағуға сот шешімі бойынша қаражат төлеуден үш айдан астам орындамауы екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Сонымен қатар, Заңның 33-бабына сәйкес, борышкер болып табылатын жеке тұлға атқарушылық құжаттағы талаптарды дәлелсіз себептермен белгіленген мерзімде орындалмаған жағдайда сот орындаушысы борышкердің

Қазақстан Республикасынан шығуын уақытша шектеу;

34-бапқа сәйкес алименттер өндіріп алу туралы атқарушылық құжаттар бойынша берешек жиналып қалған жағдайда борышкерге лицензиялар, рұқсаттар және арнайы құқықтар беруге уақытша тиым салу туралы, сондай-ақ борышкерге бұрын берілген лицензиялардың, рұқсаттар мен арнайы құқықтардың қолданылуын тоқтата тұру шаралары қолданылады.

Аудан прокуратурасымен 2016 жылдың осы уақытына дейін алимент төлеуден жалтарып жүрген 6 борышкердің үстінен әкімшілік іс қозғалып, аталған іс аудандық сотқа жолданып, соттың қаулысына сай, борышкерлер әкімшілік қамаққа алынған. Дегенмен, алимент төлеу бойынша сот актісін аталған заң нормаларынан аяқ тартқандықтан ғана орындап қоймай, әрбір алимент төлеуші азамат онсыз да бір ата-анасынан еріксіз алшақ болуға мәжбүр болған, осындай жағдайға душар болуына мүлдем кінәсі жоқ, көңілі жарым баласының толыққанды жетіліп, материалдық жағынан, рухани жағынан да кенде болмай еліміздің мықты ұрпағы болып өсуіне қолдан келген көмегін ерікті және саналы түрде беруге аянбауы қажет.

Бүгінгі таңда, аудан прокуратурасының ықпалымен 04.10.2016 жылы өткен заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі үйлестіру кеңесінің №4 хаттамасының 2.3 тармағын орындау барысында «Алименттер өндіріп алу кезінде уәкілетті мемлекеттік органдардың өзара іс-қимыл жасауының проблемалы мәселелері және заңдылықтың жай-күйін» қамтамасыз ету мақсатында құқық қорғау органдары мен мемлекеттік уәкілетті органдар арасында аудандық прокуратура қызметкерлерімен, ҚСЖЕАЖКБ, сот орындаушылар (мемлекеттік және жеке), ішкі істер бөлімі, аудан әкімдігінің жұмыспен қамту орталығы, Байзақ ауданы әкімдігінің Білім бөлімінің жанынан құрылған қорғанышылық және қамқоршылық кеңесі арасында мобильдік топ құрылды. Алдағы уақытта мобилдік топтың жұмысы аудан прокуратураның қатаң бақылауында болады.

“101” ЕСКЕРТЕДІ ТҰРМЫСТЫҚ ГАЗДАН САҚ БОЛЫҢЫЗДАР!

М.НУРЛЫБАЕВ,
Байзақ ауданы №8 Өрт сөндіру бөлімінің бастығы, азаматтық қорғау подполковнигі.

Газ баллондарын және газ құрал-жабдықтарын осы өнімді сатуға сертификаттары бар мамандандырылған ұйымдардан ғана сатып алу керек. Өйткені жұмыс істейтін газ қондырғыларын қауіпсіз пайдалану және оларды тиісті жағдайда ұстау үшін жауапкершілік олардың иелеріне жүктеледі.

Газ ауамен қосылғанда жарылатынын және өртке қауіпті екендігін ұмытпаңыздар! Улануды болдырмау үшін газды жаппас бұрын тарту күшін тексеру қажет, газ қондырғыларын қосқаннан кейін және олардың жұмыс істеуі кезінде желдеткіш каналдардың дұрыстығын қадағалау, әрдайым бөлмені әсіресе ұйытар алдында желдету керек.

Тұрмыста газды пайдаланған кезде:

- Газ құбырларына жіп байлауға (осылай істеген жағдайда бұрмаланды біріктірулердің тығыздығы бұзылады, газдың шығып кетуі мүмкін); жанып тұрған пилта үстінде киім-кешек және шаш кептіруге;

- Газ құралдарын, баллондарын, арматураны өз бетімен қайта орнатуға және жөндеуге; жұмыс істеп тұрған газ құралдарын қараусыз қалдыруға;

- Газ құралдарын мектепке дейінгі жастағы балалар және оларды қауіпсіз пайдаланудың ережелерін білмейтін тұлғаларға жол беруге;

- Газдың шығып кетуін анықтау үшін ашық отты пайдалануға (ол үшін тек сабынды эмульсия ғана қолданылады);

- Қысым реттеуіштің нығыздауыш сақинасынсыз немесе төсемсіз орнатуға;

- Жұмыс істейтін пилта маңында тез жанғыш материалдар мен сұйықтықтарды орналастыруға;

- Ұйықтау және демалу үшін газ құралдары орналастырылған бөлмелерді пайдалануға;

- Бөлмені жылыту үшін газды және газ плиталарын пайдалануға;

- Ұшқын туындататын құрал-саймандар көмегімен газ арматурасының бөлшектерін біріктіруге тыйым салынады.

Құрметті аудан тұрғындары, өртті болдырмаудың ең оңтайлы амалы — оның алдын алу. Естеріңізде болсын, сіздердің қауіпсіздіктеріңіз өз қолдарыңызда!

С.СЕЙФУЛЛИННИҢ ТУЫЛҒАНЫНА 122 ЖЫЛ

СӘКЕН-ЖЫРДЫҢ САРҚЫЛМАС ДАРИЯСЫ

Жуырда, Ақжар ауылындағы С.Сейфуллин атындағы орта мектепте акынның туылғанына 122 жыл толуына орай, «Сәкен-жырдың сарқылмас дариясы» атты әдеби кеш болып өтті.

Кеште 1-сынып оқушылары Р.Қайрат пен Қ.Қылышбек «Жігіттер» биін, Ұ.Арыстанбек «Аққу» биін билесе, 5-сынып оқушылары «Ақсақ киік» өлеңінен көрініс көрсетті, Сәкеннің өмірінен және «Аққудың айырылуы» поэмасынан бейнеролик тамашаланды. 7-9 сынып оқушылары акынның өлеңдерін, нақышына келтіріп, жатқа айтты. Сонымен қатар, мектеп мұғалімдері М.Иманбаев С.Сейфуллиннің «Тау ішінде», Е.Тазабеков «Жез киік» әндерін нақышына келтіріп орындаса, мектеп кітапханашысы Р.Иманбаева Сәкеннің шығармаларынан кітап көрмесін, қазақ тілі мен информатика пәні мұғалімдерінің дайындаған С.Сейфуллинді құрметтеп, насихаттауға бағытталған материалдары өте тартымды шықты.

С.Сейфуллиннің «Анаға хат» өлеңі желісімен қойылған көрініс көпшіліктің көңілін баураса, педагог-ұйымдастырушы А.Дәрібаева мен тәлімгер Э.Қасқарова білім ошағының акынның атымен аталуы үлкен мақтаныш екенін айтып, оның өлеңдерін оқыған оқушыларға алғыстарын айтты. Ата-аналар атынан сөз алған ауыл тұрғыны А.Байымбетова Сәкен атамызға арналған әдеби кештің мазмұнды өткеніне ризашылығын білдірді.

Әдеби кешті директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Е.Төлендиев қорытындылап, С.Сейфуллин ұрпақтарға ұлан-ғайыр мұра қалдырып кеткенін жеткізді.



ДОҢЫЗ ТІЛМЕСІ

Ж.ЖАҚСЫЛЫҚОВ,
ҚР АШМ Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Байзақ аудандық аумақтық инспекциясының бас маманы, мемлекеттік ветеринариялық-санитарлық инспекторы.

Доңыз тілмесі - жіті түрінде өткенде малды септицемияға ұшырататын, терісін қызартып теңбілдендіретін созылмалы түрінде жүргізілетін ауру. Кабындыратын жұқпалы ауру.

Қоздырғышы — микроорганизмдер қатарына жататын бактериялар. Тілме бактериясы қолайсыз жағдайларға төзімді. Суда, топырақта, өлекседі көптеген айлар бойы сақталады. Тілмемен 3-12 айлық торайлар, жабайы доңыздар, тағы басқа сүт қоректі үй жануарлары мен құстар және адам ауырады.

Аурудың қоздырғышы ауру доңыздардың нәжісі, несесі, ал сау доңыздың көмекей және ішек бездері арқылы тарайды. Ауру көбіне көктем мен жазда шығады. Аурудың кенеттен болатын түрі көбінесе бордақылауда тұрған 7-10 айлық торайлар арасында әсіресе қора лас, мал күтімі нашар болғанда байқалады. Ауру мал жата береді азық-судан қалады, жүрсе аяқтары ағаштай сіресіп ерік бермейді, денесі қалтырайды, жүрек қызметі әлсірейді, соның салдарынан өкпесі ісініп тыныс алуы қиындайды, бауырының, мойнының және жақ асты

МАМАН КЕҢЕС БЕРЕДІ

Аудан тұрғындарының назарына!

2016 жылдың 22 қазаны, сенбі күні аудан орталығы Сарыкемер ауылының орталық алаңында ауыл шаруашылығы тауарларының жәрмеңкесі өткізіледі.

Жәрмеңкенің басталуы сағат 9.00-де. Байланыс телефондары: 2-17-87, 7-91-13.

ШҰҒЫЛ ХАБАРПАМА!

Көршілес Қырғыз Республикасының таулы аймақтарында көп мөлшерде жауын-шашын болуына байланысты Тапас өзенінде су деңгейі көтерілу қаупі бар. Осыған байланысты аудан тұрғындарын сақтық шараларын қатаң ұстануға шақырамыз.

Қандайда бір мәселелер туындаған жағдайда Жамбыл облысы төтенше жағдайлар департаментінің жедел кезекшісіне 45-17-43, 45-68-29 телефондарына хабарласуға болады.

ДИРЕКТОР Б.ЖАҚСЫМБЕТОВ
Редактордың уақытша міндетін атқарушы
Г. ЕРМУРАТОВА

Кезекші Р.ЖАҚЫПБАЕВА

МЕНШІК ИЕСІ:
“Байзақ аудандық “Ауыл жаңалығы”-
“Сельская новь” газетінің редакциясы”
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Газет Қазақстан Республикасы байланыс және ақпарат агенттігі (11.06.2014 ж.) тіркеліп, № 14388-Г куәлігі берілген.
Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Тараз қаласы, Төле би көшесі, 36 “б” үй. Қалыбы ЖШС “Қанатты қалам әлемі” баспаханасында жасалып, көбейтілді.
Таралымы 2960 дана. Тапсырыс №93
Газет аптасына екі рет, **сәрсенбі, сенбі** күндері шығады.
Редакция авторлардың көзқарасы мен оқырман хаттарына жауап бермейді.
Жарнама мен хабарландырудың мәтініне жарнама беруші жауапты.
© - материалдың жариялану ақысы төленген.

Мекен-жайымыз:
Индекс 080100.
Жамбыл облысы,
Байзақ ауданы,
Сарыкемер ауылы,
М.Х.Дулати көшесі,
10 “а” үй.



Директор: 2-28-60.
Хаттар бөлімі, тілшілер: 2-12-37.
Есеп бөлімі, жауапты хатшы: 2-15-70.
Газет сайты: www.auil-zhanaligi.kz
Эл.почта: auil@mail.ru